

Келісетін:

Согласовано:

«Зеренді ауданы бойынша  
бизнес-орталық» ММ-нің  
басшысының ж.а.:

Д.Ш. Шығай

01.09.2021ж

Бекітемін:

Утверждаю:

директор

Байконурова Б.А.

01.09.2021ж

4 «А» сыныптарына арналған  
«Акварелька» үйірмесінің  
күнтізбелік – тақырыптық жоспары

Мүгалім:

Бехтгольд М.А. 01.09

Зеренді ауданы  
Айдабол ауылы

### Түсінік хат

Бағдарламаның бағыты. «Акварелька» көркем-шығармашылық бағыттағы бағдарлама болып табылады. 2 жыл оқуды қажет етеді.

Бағдарлама жаңалығы. Үйірме сабағы кезінде оқушылар пішін құрудың қарапайым заңдылықтары туралы, сызықта және кеңістікте жобалау, түстерді енгізу, композиция жасау, пішінді декоративті безендіру, мүсіндеу, сурет салу, аппликация жасау ережелерін, сонымен қатар бейнелеу өнерінің атақты шеберлерімен, олардың шығармашылықтарымен, табиғат әсемдігі және адам сезімдері туралы білім алады.

Бағдарламаның өзектілігі. Бағдарлама мазмұны өмір сұраныстарымен тығыз байланысты және оған жақын. Қазіргі уақытта бейнелеу өнерінің жеке тұлғаның дамуы мен оның шығармашылықты қабылдау мәселелерін шеше алуға қабілетті жаңа бағыттарын оқытуға деген қажеттілік туындап отыр.

Өскелең ұрпақты шығармашылық және эстетикалық тәрбиелеу үрдісінде бейнелеу өнері ең үлкен орын алады. Қоршаған ортаның көркемдігін көре білу және түсіне білу баланы мәдениеттілікке тәрбиелейді, оның көркем – шығармашылық талғамының дамуына, еңбек және шығармашылық белсенділігінің артуына әсер етеді, мақсатын қоя білуге, шыдамдылыққа, өзара көмектесуге үйретеді, тұлғаның жеке дамуына ықпал жасайды.

Бейнелеу өнерімен айналысу балаларды ұлттық дәстүрге тәрбиелеудің бір жолы болып табылады. Үйірме мүшелері өз жұмыстарын көрмеге қою арқылы қатарластарына өз білімі, қабілеті мен дағдыларын көрсете алады.

Педагогикалық мақсаттылық. Бағдарламаның педагогикалық мақсаттылығы шығармашылық арқылы жоғары рухани парасаттың қалыптастырылуымен түсіндіріледі.

Бағдарлама еңбек және өнер арқылы балаларды шығармашылыққа ынталандыруға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мақсаты.

Балаларды бейнелеу шығармашылығы арқылы өнерге баулу, бауырмалдыққа тәрбиелеу, шығармашыл және жасампаз тұлғаны

калыптастыру, әлеуметтік және кәсіби тұрғыда өз орнын табуға көмектесу болып табылады.

Бағдарлама бөлімдері

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Түрлі-түсті әлем	30
2	Көрмелер, экскурсиялар, табиғат аясында сурет салу.	4
	Сайыстар	
	Барлығы	34

Тақырыптық-күнтізбелік жоспар

№	Тақырып	Сағат саны	Сынып	Күні
1	«Қылқалам патшайыммен танысу». Ойын-сабақ. Қауіпсіз жұмыс жағдайы. (Білім бағдарламаына кіріспе)	1		07.09
2-3	«Түстер неге қабілетті? Ақварель бояуының қасиеттері. Негізгі түстер. Түстерді араластыру. Түстердің жылы және суық реңктері. Кемпіркосақ.	2		14.09 21.09
4	«Дакпен де сурет салуға болады». Ақварель және әр түрлі бағыттағы шеңберлерді салуды үйрену. Баю қозғалыс. Дақты қылқалам көмегімен буалдырлау.	1		28.09
5	«Дакпен де сурет салуға болады». Кляксография кара түспен. Сия тамшысынан қалған дақты аңға айналдыру.	1		05.10
6	«Күз. Жапырақтардың түсуі». Жылы түстерді араластыру. Ақварель. Қылқаламды ашық түстен кара түске қырымен малу тәсілін үйрену. «Көрнекілік материалдарды қолдану арқылы күзді бейнелеу» тақырыбына әңгіме жүргізу. Әйгілі суретшілердің шығармалары	1		12.10
7	«Ағаш көлеңкесі». Суреттерге пішін	1		19.10

	беру және салып жатқан суреттердің түстерін үйлестіру.			
8	«Көңілсіз жауын». Шектеулі ғана түстер арқылы жауынды суреттеу. Ақварель. Көрнекі материал арқылы сезімді бейнелеу туралы әңгіме жүргізу.	1		26.10
9	«Кеме жүзеді». Су бейнесі. Көрнекіліктер арқылы көңіл күйді беру туралы әңгіме жүргізу.	1		09.11
10	«Күздің таңғажайып құсы». Жылы түстер. Дак, сызық, нүкте.	1		16.11
11	«Әдемілікті байқай білу керек». Кесірткенің арқасын бейнелеу. Сурет пен фактура әдемілігі. Бір түсті монотипия әдісімен танысу.	1		23.11
12	«Қар бүршіктерін нақышптау». Ритм. Шеңбердегі ою. Гуашь. Түстерді ак бояумен араластыру әдісін үйрену.	1		30.11
13	«Қысқы ағаш көлеңкесі». Салатын суреттің пішінін, түсін бере білу. Ағаш суретін елестету арқылы салу.	1		07.12
14	«Қысқы орман». Ағаштарға сипаттама. Шектеулі түстер. Гуашьтың қасиеттері.	1		14.12
15	«Ақшақар бейнесі». Адам бейнесінің үйлесімділігі. Суық реңктер.	1		21.12
16-17	«Бізге Аяз ата келе жатыр». Аяз ата бейнесін салу. Киімдегі адам бейнесі. Жылы және суық түстерді араластыру.	2		28.12
18	«Қыс құсы». Суық түстер гаммасы. Гуашь. Ою композициясы.	1		18.01
19	«Қыс қонақтары». Суықторғайды елестету арқылы салу.	1		25.01
20-21	«Қыс құсының үйі». Геометриялық дақтар.	2		01.02 08.02
22	«Шырша- сұлу». Өткен мерекелен алған әсер. Шығармашылық жұмыс. Материалды еркін таңдау.	1		22.02
23	«Біздің терезені кім тоқылдатты?» Елестету бойынша сарышымшықты салу.	1		01.03
24-25	«Әдемі балықтар». Гуашь. Ирек	2		08.03 15.03

сызыктарды салуды үйрену:					
26-27	«Біз цирктеміз». Геометриялық түрлі – түсті дақтар. Гуашь. Негізгі түстер. Сурет саламыз және ойнаймыз. (Аю, піл)	2		29.03	05.04
28	«Көктемнің таңғажайып кұсы». Жылы түстер. Гуашь. Дақ, сызық, нүкте.	1			12.04
29	«Менің анам». Шығармашылық жұмыс.	1			19.04
30-31	«Гүлдер және шөптер». Графикалық материалдар қасиеттері.	2		26.04	03.05
32	«Гүлдер және көбелектер». Көркем сурет. Гуашь.	1			10.05
33	Гүлдерден, жапырақар мен көбелектерден ою жасау.	1			17.05
34	Қорытынды сабақ: жұмыстар көрмесі, белсенді үйірме қатысушыларын марапаттау.	1			24.05
	Барлығы:	34			

*Handwritten signature*